

арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2001. – 192 б.

10. Исаев С., К. Назарғалиева 6 класқа арналған қазақ тілі оқулығы. – Алматы: Мектеп, 1994. – 208 б.

* * *

В статье затрагиваются проблемы качества преподавания родного языка в современной школе, а также

воспитания разносторонне развитой личности, в том числе вопросы социокультурного, патриотического, семейного воспитания подрастающего поколения.

* * *

The problems of teaching the native language in modern schools are broached in this article. The author touches upon the questions of upbringing a versatile person as well as social-cultural and patriotic upbringing of a young generation.

Әдебиетті оқытудағы проблемалық әдісті қолданудың тиімділігі

М. Ә. Мұстафина

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың п.ф.к., доцент, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Бүгінгі таңда мектеп оқушыларының арасында кездесетін үлгірмеушіліктің болу себебі олардың сабақты толық меңгере алмауымен ғана шектелмейді, мұның өзі оқушының естігенін, тыңдағанын ұмытуымен да байланысты.

Ал ұмыту сабақ процесінде, біздіңше, игерілетін материалдың ауырлығына немесе жеңілдігіне байланысты. Материалдың күрделі болуы көпшілік оқушыны құр жаттауға итермелейді. Мұның аты – білім негізін түсінбеу деген сөз. Ал жеңіл материалдың тез ұмытылу себебі – оны оқушы оңай игереді де, кейін оған оқушы көп назар аудармайды. Бұл сияқты көріністермен күресуде көптеген әдіс-тәсілдер қолданылып келеді. Оқушы білімінің тиянақты болуы, түсінігінің дұрыс қалыптасуы үшін жаңа сабақты түсіндіру процесінде оларды үнемі тартып, әрекетке араластырып отыру қажет. Жаңа материалға байланысты білгенін ортаға салу, оның құпияларын ашу үшін өз үлесін қосу немесе түсінгенін өз білгенімен салыстыру сияқты жұмыстар оқушыларды сабақ үстінде сергек ұстап, сабаққа деген ынтасын арттырады. Міне, осы бағытта жүргізілетін жұмыстың негізгі бір түрі – сабақ өтудің проблемалық әдісі. Кей мұғалімдер «неге?» деген сұрақ қоятын жерде ғана оқу проблемасы бар деп түсінеді. Проблемалық оқыту - мұғалім басшылығы мен қиын мәселелерді туғызу және оқушылардың белсенді түрде өз беттері мен ол мәселелерді шешу. Қорытындысында олардың ойлау қабілеттері дамып, шығармашылық іскерліктері мен дағдылары қалыптасуына жағдай жасайды. Проблемалық оқытудың мақсаты - ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге бұл нәтижелерге жету жолының өзін де, процессінде

меңгеру, оқушының таным дербестігін қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Проблемалық оқыту - ойлау операциялары логикасы (талдау, қорытындылау және тағы басқа) мен оқушылардың ізденіс әрекетінің заңдылықтарын (проблемалық ситуация, танымдық қызығушылығының, қажетсінуінің және тағы басқа) ескере отырып жасалған оқу мен оқытудың бұрыннан мәлім тілдерін қолдану ережелерінің жаңа жүйесі. Проблемалық оқытудың негізі ерекшелігі – оқушының білетіні мен білмейтінінің арасында қайшылықтар пайда болады және проблемалары міндетті шешуге дайын тәсіл болмағандықтан, проблемалық жағдаят пайда болады, осыған орай оқушының ізденушілік әрекеті мен ынтасы күшейе түседі. Оқыту технологиялары оқушының тұрақты жоғары нәтижелерге қарай біртіндеп сатылай жылжуын, жаңа оқу ақпараттары мен біліктіліктерді меңгеру мақсатына жақындау деңгейлерін әр қырынан бағалау және өзін-өзі бағалау мүмкіндіктерінің туындауын қамтамасыз етеді.

Әдетте оқушыларға жартылай таныс немесе бұрын өтілген тақырыпқа қатысты қалыптасқан кейбір түсініктеріне сүйене отырып игерілетін тақырыптар болады. Ондай тақырыптарды оқушылардың өздігінен жұмыс жүргізуі негізінде меңгертуге болады. Бұл үшін оқушыларға олардың шамасы жетерліктей лайықталған сұрақтардан құралған проблемалар тізбегі ұсынылады. Сұрақтардың шешімін табу

барысында жаңа материал оқушы алдында тұтас не жартылай ашылады да, сөйтіп мұғалім баяндауға тиіс уақыт мөлшері оқушының үлесіне тиеді әрі материал тиісті көлемде меңгеріледі. Оқушы білімі тиянақтылығының басты шарты – материалды меңгертуде оқушыны ойлапта отырып, қадам жасату болып табылады. Оқушының өзіндік қадамы, өзіндік ойының қалыптасуы оны шығармашылық жұмысқа жетелейді.

Мектепте әдебиетті оқытуда проблемалық жағдаяттың өзіндік белгілеріне тоқталатын болсақ, ең алдымен, оқушыны проблемаға деген субъективтік көзқарас пен объективтік мазмұнды айыруға, образды түсіндірудің ерекшелігін ажырата білуге дағдыландыру қажет болады. Танымдық әрекеттер сапындағы ой – карама-қарсы процестердің санадағы сәулесі, болмыс суретінің экспозициясы. Олай болса, ой - проблемалық жағдаяттың (карама-қарсы ұғымдардың) сәулесі. Проблемалық жағдаят міндетпен анықталатын болса, ой сол міндеттің экспозициясы, міндеттің өзі емес, хабаршысы, кіріспесі болғаны. Міндетіміз – шығармашылық тапсырма. Ойды бейнелейтін айшықты (образды, бейнелі) сөздер тіркесе келіп, поэтикалық образ құрайтыны белгілі. Мысалы, Абайдың «Адасқан күшік секілді, ұлып жұртқа қайтқан ой» деген өлең жолдарын ойда синтездеп ажыратып, көз алдымызға елестетейікші. Мұнда ой символмен бейнеленген. Оқушыларға осы елесті суретке айналдырыңдар деп тапсырған болсақ, олар шамамен: «...Көшкен ауыл орны. Иесіз жұрт. Сол жұртта қалған жалғыз жан иесі – көштен адасып, қайтып оралған күшік. Ол иесін іздейді, таба алмайды. Қолынан келері – ұлу» деп бейнелеген болар еді. Ал енді «Ой қалайша ұлып, жұртқа қайтады?» деген сұрақты қоя отырып, оқушыларға проблемалық жағдаят туғызамыз. Берілген жауаптарды тыңдай келе, осы ұлан-ғайыр сурет, жиынтық ой тұжырымы сан түсті бояу, алуан қырлы поэтикалық образға айналып, екі-ақ жолмен берілген. Немесе, Абай «Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?» деген жолдар арқылы да терең мағына білдірген. Бұл жерде де жоғарыдағыдай тапсырма беріп, суреттеп жазуды тапсырамыз. «...Жайлау. Қалың ел, мыңғырған мал. Қызық та, ойын-сауық та, қарбалас тіршілік те, бәрі-бәрі де осы жерде. Оның бәрін қыздырып жатқан – адамдар. Егер сол жайлаудан өмір иесі – адамдар көшіп кетсе, онда қандай сән, қандай мән қалады...» деген жауапты аламыз. Ал көңілдің объектіге құрылған ойы кетсе,

құлазыған жайлаудай болатыны белгілі. Бұл мысалдардың дидактикалық негізі – оқушыларды бейнелі ойды талдауда ойландыра отырып (осы уақытқа дейін оқыған, игерген, бақылаған әдеби-теориялық білімдер мен дағдыларды жинақтау барысында) өзіндік шығармашылық тапсырма мен проблемаларды іздей білу белсенділігін арттыруға болатынын көрсетеді.

Әдеби проблема дегеніміз идеялық, философиялық, тарихи-эстетикалық және тағы басқа мазмұндардың қоспасы. Демек, бұларды біртұтас бірлікте талдау керек. Проблеманың идеялық немесе философиялық мазмұнын оның эстетикалық мазмұнынан бөліп қарауға болмайды. Мұғалімнің міндеті – оқушының ақыл-ойын проблеманың идеялық, философиялық, адамгершілік көзқарастарына әкелмей қоймайтын эстетикалық талдау жасауға бағыттау.

Абай «Болыс болдым мінеки» деп кейіпкерлердің өзін сөйлету арқылы шығарманың әшкереушілік мақсатын күшейтеді. Ақын өзінің көркемдік-эстетикалық мұратына орай шығарманың композициялық құрылымын дұрыс таңдайды. Сол көркемдік тәсіл ақынның идеялық нысанасын ашып беруге көмектесіп тұр. Абайдың бұл өлеңінен идеялық-эстетикалық бірлікті танимыз.

Әдебиет сабақтарындағы проблемалық жағдаят тудырудың басты ерекшелігі оқушыларға шығарманың көркемдік ерекшелігін түсіндіру деп ұғуымыз керек. Проблемалық сұраққа берілетін логикалық жауаптардың артында мәтін бойынша автормен бірлікте жүргізетін эстетикалық тұрғыда құрылған зерттеу нәтижесі тұруы тиіс. Оқушыларға проблемалық тұрғыдағы өздік тапсырмаларды орындату барысында шығарманың көркемдік шешімін өз бетінше ажыратып, талдай алатын және түсіне білетіндей білім мен дағды беру – негізгі мақсат болу керек. Мысалы, «Қамар сұлу» романын оқыту барысында мұғалім «Жазушының Қамарды азап пен ақыреттің құрбаны етуі кездейсоқ па? Ахмет пен Қамардың махаббат бостандығы үшін күресуіне, мұраттарына жетуіне болмас па еді?» деген проблемалық сұрақтарға жауап алуына болады. Әдебиет сабағында қойылатын проблемаларда тарихи-нақтылы және жалпы адам баласында болатын құбылыстар өзара диалектикалық байланысты келіп көрінуі мүмкін. Көркем мәтіндегі сөз – поэтикалық ой көрінісі. Әр ақын-жазушы сөз айшықтарын өзінің әлеуметтік, эстетикалық мұраттарына орай қолданады. Сұлтанмахмұттың «Залым-

дығы мен атағы болмаса, әліпті таяқ деп білмейтін надан, пішіні де жаман, аузы толған боғауыз бен былш-былш насыбай, ішпей мас әрі нас, елу шамасында жасы бар, қол шоқпардың басындай басы бар, жай формасының өзі сүп-суық, бүйі секілді, түксиген-күпсиген, бұқа мойын, өгіз құрсақ, алақан көз, жайын ауыз, дорба сақал, тоқпақ мұрын бір түрлі нысаналы жануар еді», - деген суреттеуіндегі эпитеттер мен теңеулер Нұрымның жексұрын, ұсқынсыз бейнесін беру үшін алынған. Бұл жай суреттеу ғана емес, «Неге бұлай?» дегендей сезім туғызарлық баяндау. Нұрым бейнесінің жиіркеніш сезім шақырарлық әсерінің өзі проблемалық эмоция туғызады. Тұрлығұлды «Ұзын бойлы, мес қарын, түксиген қалың қабақты... жалпақ мұрын...» десе, Ғайшаны «Аққудың көгілдіріндей» деген тәрізді шығарманың көркемдік өрнегін толықтыратын суреттеулер арқылы түрлі тапсырмалар береміз.

Оқытудың проблемалық әдісін, жоғарыда байқағанымыздай, кейіпкер бейнесін ашуда тиімді пайдалануға болады. Мәселен, С.Көбеевтің «Қалың мал» романындағы жағымсыз кейіпкерлер, оның ішінде Итбай бейнесін талдау сабағында мынадай тұрғыда пайдаланған дұрыс. Мұғалім «Қалың мал» романында кездесетін жағымды, жағымсыз кейіпкерлер тобы бар екенін ескерте отырып, ең басты кейіпкер – Итбайға тоқталып, оқушылардың бұл образды ашуда не нәрселерге көңіл бөлу керектігін ескертеді. Олар тақтаға жазылады:

1. Ойы: «Осы қалқам ер жетіп, бай жерге беріп, мал алсам».

2. Ойы: «Етімді текке жеп қоятын болды ма?.. Қазыны бекер тұтас салдырған екенмін!»

3. Сөзі: «250 сомның саудасын істеймін, қайсыларың маталарыңды арзанға бересіңдер!.. Енді, бай, шыныңды айтшы, өзің ес білгелі тұтас 250 сомның саудасын істеген кісі бар ма?»

4. Сөзі: «Маса-шыбынға жем болып отырамыз ба? Әр түрлі шаруамыз бар ғой, бие де байлаған жоқпыз...»

5. Ойы: «Ит, өзі өлетін болса, өлмеді-ау!»

Итбайдың тақтада жазылған осы ойлары мен сөздеріне қарап, оның қандай адам екенін анықтау керек. Осы сөйлемдердің мағынасы мен айтылу мақсатына қарай оқушылар Итбайдың ой-пиғылын, мінезін, адамдық сана-қасиетін ашады. Кейіпкер бейнесін проблемалық әдісті қолдана отырып ашудың пайдасы, ең алдымен, оқушы мұғалімнің бағыттауымен сабақтың өн бойында өздігінен жұмыс жасайды, екіншіден, жазушының образ жасау

шеберлігіне көз жіберіп, оның құпияларымен танысып, өзінше жаңалықтар ашады, сол арқылы өзіндік ой, пікір қалыптастыра бастайды. Сабақтың басым бөлігі оқушы пайдасына шешіледі, ал мұғалім тек бағыттаушы рөлінде ғана болады. Әрине, барлық образдар осы жүйеде талдауға келе бермейді. Айталық, Абай образын ашуда алдымен образға байланысты материалдар теріледі. «Қодар өлімінде», «Әке сыны», «Тентек ояз келгенде және Семейдегі жауап» т.б. Барлық күрделі материалдар теріліп болған соң, олар мазмұнына, мәніне қарай топтастырылады. Мысалы, «Әке сыны», «Жігітек-Тәкежандар дауында», «Мәкен қыз дауы» тағы басқалар Абайдың үстем таппен күресін көрсетеді. «Абай жолы» романында образға байланысты материалдар өте көп. Сондықтан уақытты үнемдеу үшін және оқушыларды бірыңғай тапсырмалармен жалықтырып алмас үшін жоғарыда айтқандай, қойылатын проблемалық сұрақтар образға қатысты материалдарды теру, оларды топтастыру, жоспар құру және соған сүйене отырып Абай образын ашу сияқты сатылардан тұрады.

Әрбір шығарманың, образдың өзіндік ерекшелігі болады. Әдеби шығарманың ерекшелігі – олар бірінен-бірі оқшауланбайды, шығарманың идеялық-көркемдік концепциясына бағынып, өзара байланысады. Егер біз бір проблеманың аясында ғана әңгіме етсек, образдың мазмұны жүдеп қалар еді. Сондықтан, жетекші проблемалардың да өзара байланыстарын анықтап отыруымыз керек. Бұл мәселелер үнемі оқушылардың мәтін талдау барысында тапсырма түрлерімен берілуі шарт. Проблеманың идеялық-көркемдік жүйеде өзара бір-біріне бағынып байланысатынын дәлелдейтін мысалға жүгінейік. Абайдың «Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма» деуі қалай? Мыңға қарсы әрекет қайшы, кері мағына – проблемалы міндетті анықтайды. Ол міндет: жалғыз адам мың адамға қарсы қалай күресті? Проблеманың шешімін табуға қойылатын сұрау, берілетін тапсырма да осы міндет. Осындағы мыңмен деген сөздің поэтикалық жүгіне ой жіберейік. Абайдың өмірі – күрес. Ол өзінің прогресшіл идеясы жолында талай тосқауыл кедергіге жолықты, талаймен алысты. Надан, топас әкіммен де, әккі-айлакер қу, алаяқ залымдармен де күресті. Ақын алысқан адамдар: «Қу старшын, аш билер», «Сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсеқызар жалмауыз», «күлкішіл, керден, надан», «закончик-арызқой» т.с.с. Шебер суреткер «мыңмен жалғыз алыстым» деген поэтикалық жолға күрес әрекетінің барлық азабын сыйғыза білген.

Проблемалық іздену тапсырмаларын бір тақырыпқа қалам тартқан әр ақынның өлеңдерін салыстыра отырып талдауға болады. Бұл әдістің әсерлілігі бір тақырыпта екі адам жазған шығармаларды салыстыра талдау әр автордың өзіне тән стилін, идеясын, өзіне ғана тән ойды көркем бейнелеу әдісі мен шеберлігін айқындауға, талдауға жағдай туғызады. Талдаудың дидактикалық әсерін күшейтеді. Оқушыларға Ы.Алтынсарин мен А.Құнанбаевтың өнер-білім, ғылым, табиғат жайында жазған өлеңдерінің көркемдік құрылымдарын: композициясын, ырғағы мен сөз қолдану айшықтарын, ұйқасын және т.б. салыстыра отырып, іздену жолдарын түсіндіріп, әрі қарай талдап, қорытынды шешімді ауызша немесе жазбаша баяндауды тапсырсақ, шығармашылық дағдыларын дамытамыз. Екі ақынның бір тақырыпты, бір құбылысты, бір көріністі суреттей отыра әрқайсысы өзінше өрнек тапқанын, өлең ұйқасы мен ырғағының әр түрлі болуын, әлеуметтік өткірлігі де бірдей емес екендігін анықтайды. Жаңа материалды түсіндіру кезінде проблемалық әдісті материалға тікелей байланысты проблема, материалды терең меңгертуге, ойлантуға

байланысты немесе шығармашылық проблема, үйге тапсырма ретінде берілетін проблема, білімді жүйелеу проблемалары деп топтауға болады. Жоғарыда келтірілген мысалдардан ең бірінші көзге түсетіні – оқушы ойы, яғни материалдың басынан соңына дейін араластыру арқылы оқушы ойына қозғау саламыз. Оқушы өзіне белгісіз дүниенің қыр-сырына көз жіберуіне мүмкіндік алады, оның құрылысымен танысып, өзара байланысын анықтайды; материалмен іштей танысу ауқымы артқан сайын ойы да кеңейе түседі, оқушы жан – жақтағы дүниеге, құбылысқа өз ойын жүгірте бастайды. Бұл – оқушының алға қойған межесі болады. Проблемалық әдіс арқылы берілетін білімнің тұрақтылығы зор. Білім жиынтығын дайын материал арқылы ойға сақтау әрекеті мен ол материалдың қандай жолмен жасалғандығын айқындай отырып меңгерудің айырмашылығы зор.

* * *

В статье рассматривается вопрос эффективного использования проблемного метода обучения в школе.

* * *

The article highlights the question of effective usage of problem teaching at schools.